

Азаматтарды Қарабалық ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Мәслихатының 2009 жылғы 4 ақпандағы № 3 шешімі. Қостанай облысы Қарабалық ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 ақпанда 9-12-99 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 05-10/468 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 02.05.2013 № 05-10/468 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы, 33-бабының 1-тармағы, 13) тармақшасының негізінде және Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Қостанай облысы Қарабалық ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз етуді ұсынылсын.

2. "Қарабалық аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) тіркеуге жататын жасөспірімдерді куәландыру үшін дәрігер- мамандарды б е р і л с і н ;

2) әскерге шақыру учаскесін қажетті құралдармен және медициналық мүлікпен толықтырылсын.

3. Селолық округтер, Тоғызақ селосы мен Қарабалық кентінің әкімдеріне:

1) жасөспірімдерді оқудан, жұмыстан қолын үзуді қысқарту мақсатында, селолық округтерде, оқу орындарда әскерге шақырушылардың жеке істерін рәсімдеу және толтыруы жүргізілсін;

2) жасөспірімдерді қажетті құжаттармен (мінездеме, анықтамалар және тағы б а с қ а) қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) тіркеу комиссиясына жасөспірімдерді жеткізу үшін, қыс жағдайында

балаларды тасу үшін жарамды жөнделген автокөлігі, қажетті жағдайда ауа райының қолайсыз болған жағдайында шығарып салу үшін жоғары өтімді тракторы берілсін.

4. "Қарабалық ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тіркеуді өткізу кезеңіне техникалық қызметкерді бөлуі ұсынылсын.

5. "Қарабалық ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) медициналық комиссияны өткізу үшін жергілікті бюджетінен ақша қаражатты бөлуінің қарастыруы ұсынылсын.

6. "Қарабалық аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуден жалтарып жүрген тұлғаларды іздестіру және оларды әскерге шақыру пункттеріне жеткізу жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын;

2) тіркеуді өткізу кезінде әскерге шақыру пунктінде құқықтық тәртібі қамтамасыз етілсін.

7. "Қостанай облысы Қарабалық ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) және "Қарабалық ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп ұсынылсын:

1) әскери оқу орындарына кандидаттардың іріктеуіне арналған нарядты оқу орындарына дейін жүргізілсін;

2) әскери – оқу орындары бойынша бастапқы әскери даярлаудың оқытушылар–ұйымдастырушыларды анықтама материалдарымен қамтамасыз етілсін, олардың жұмысын ұйымдастырсын;

3) әскери – оқу орындарына кандидаттарды іріктеу жөніндегі жұмысын бастау туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдар арқылы жарияласын;

4) әскери - оқу орындарына түсу үшін әскери–профессионалдық бағдарлау мақсатымен әр шақырылушымен жеке әңгімелесуді өткізсін.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.А. Кәкімжановқа жүктелсін.

9. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ф. Филиппов